

**Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде бейіндік және
кәсіби бағдарлауісі бойынша
2022-2023 оқу жылында атқарылған іс-шаралар бойынша
жоспарының мәліметі**

Мұғалімдердің жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттерін айқындау мақсатында бейіндік оқытудың жылдық жоспарына сай оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы нұсқаулықпен және тиісті нормативтік құжаттармен таныстырылды. Сыныптарды бағытқа бөлу туралы жұмыс тобының шешіміне орай бұйрықтар әзірленді. Таңдау пәндер/курстарынан сабақ беретін пән мұғалімдерінің сапалық құрамы жинақталды. Таңдау курстарындағы оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі ӘБ талқыланды. Таңдау пәндер мен курстардың тақырыптары, жоспарлары мен бағдарламалары дайындалып бекітілді.

Мектепшілік таңдау пәндер мен таңдау курстардың «Ең үздік авторлық бағдарлама» байқауы сырттай өткізілді. Кәсіпке бейімділікті анықтау бойынша 5-7-сынып аралығында алдыңғыдиагностика жүргізіліп, тест,сауалнама алынды. Кәсіпке бейімділікті анықтау бойынша 8-10 -сынып аралығында диагностика жүргізілді.

Тұлғаның сипаттамаларын зерттеу

-құндылық бағдары

-қызығушылығы

-темпераменті

-кәсіпке бейімділігі анықталды.

5-7, 8-10сынып аралығында кәсіпке бейімділігін анықтау бойынша өткізілген диагностика нәтижесінде топтық және жеке түзету-дамыту,кеңес беру жұмыстарының жоспары құрылды.

«Бейіндік оқыту-заман талабы» атты тақырыпта ата-аналарға жиналыс өткізілді.

«Мамандық таңдаудағы ата-ананың рөлі» сауалнамасы алынып толтырылады.

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева мен мектеп психологы А.Қасымбекованың ұйымдастыруымен оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және қызығушылық бағытын анықтау мақсатында 11-сынып оқушыларынан сауалнамалар мен тесттер алынды. 10-11 сынып оқушыларымен және ата-аналарымен «Бейінді оқыту-заман талабы»тақырыбында жиналыстар өткізіліп,мамандықтар әлемі таңдау пәндерін дұрыс таңдаудың ммаңыздылығы,келешекте жойылып кету қауіпі бар мамандықтар туралы бағыт бағдар берілді.



Түркістан облысы Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының қолдауымен «Бейбіт болашақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен мектеп бітіруші жастарға арналған «Мамандық таңдау-өмір таңдауы» тақырыбындағы «Жас маман» жобасы аясында семинар өткізілді. Семинар барысында мектептің бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева жоғары сынып оқушыларына мамандықтар топтамасы мен сұранысқа ие мамандықтар бойынша кеңінен таныстырды.



Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде директордың бейіндік оқыту жөніндегі жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева мектеп психологы А.Қасымбекова бірлесе 5-8сынып оқушыларының кәсіби бағытын,пәнге қызығушылығын анықтау мақсатында «Менің қызығушылығым» тақырыбында тест алып, қызығушылықтары бойынша әңгімелесу жүргізді. Әңгімелесу барысында оқушыларға мамандықтардың түрлері мен ерекшеліктері туралы түсіндірілді. Тест нәтижесінде оқушылардың 62

пайызының жаратылыстану пәндеріне, 38 пайызының гуманитарлық пәндерге қызығушылығы анықтады.



Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде АӘТД пәнінің мұғалімі Д. Мамыховтың директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева кәсіби бағдар беру педагогы Алия Насрединованың қатысуымен 10-11 сынып оқушылармен Арнасай шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Қадыров Мират Азаматұлымен Ауған соғысы ардагерлері одағы жанынан ашылған Патриот клубының жетекшісі Әлиаскар Қазақбайұлы Шералиевпен, «Үркер 25» қауымдастығының орынбасары-атқарушы төрағасы, Ауған соғысының ардагері, майор Қылыш Сәтпаевпен, Б.Соқпақбаев жалпы орта мектебінің АӘТД оқытушысы Нұралы Балғаевпен Мамандықтың бәрі жақсы тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне қарасты шекара әскерінің әскери академиясына оқуға түсу жолдары, жеңілдіктері туралы айта отырып, Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде 11-сынып ер балдарымен үгіт-насихат ашық сабақ әңгімелесу өткізіліп, Отанын сүйуге патриоттыққа шақырды.



Шардара ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің 05.05.2023 жылғы хаты негізінде «Орталық стадион» спорттық алаңда «Жас құтқарушы» үйірмелерінің үздік командалары мен спортшыларын арттыру мақсатында өткізген іс-шарасында Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі орынды иеленді.

Жас құтқарушылар жарысынан қатысқан 10-А сынып оқушылары Қуанхан Азамат Сәрсенбай Дулат Қанай Мадияр Намазбай Жанарыс және оқушыларды дайындаған АӨТД пәні ұйымдастырушы мұғалімі Д.Мамыхов алғыс хаттармен марапатталды.

Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева мен кәсіби бағдар беру педагогы А.Насрединованың ұйымдастыруымен 5-8 сынып оқушылары арасында «Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбында өзі ұнатқан мамандықтар мен кәсіп түрлері бойынша көрме ұйымдастырылды. Оқушылар өздері қызығатын мамандықтар бойынша түрлі макеттер мен бұйымдар мамандық иелері туралы плакаттарға суреттер бейнелеп, қызығушылықтарын белсенді көрсете білді.



Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева және кәсіби бағдар беру педагогы А.Насрединованың ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 3 наурызы күні 9-11- сынып оқушыларына «Мамандықты дұрыс таңдай білейік» тақырыбында М.Тынышпаев атындағы Шымкент көлік колледжі мамандарымен кездесу өткізілді. Аталмыш колледж мамандары АА.Абдимомынова мен А.Сейдімахан оқушыларға колледждегі мамандықтар біліктіліктер коды мен атаулары оқу мерзімдері туралы білім ордасындағы оқудың артықшылықтары, болашақтағы жұмыспен қамтылуы туралы толығымен түсінік беріп, мамандықтың және оқу орнын дұрыс таңдай білуге шақырды.



Бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б.Нуртаева және кәсіби бағдар беру педагогы А.Насрединованың жұмыс жоспарына сай өткізіліп жатқан бейіндік және кәсіби бағдарлау апталығына оқушылар белсене қатысуда. «Мамандықтар әлеміне саяхат» тақырыбындағы көрмелер байқауына оқушылар белсенді қатысып, өздерінің ұнатқан мамандықтары туралы жасаған жұмыстарымен бөлісті 5-сынып Оқушысы Санаева Гаухардың 8-сынып оқушылары Аманбай Ләззаттың, Мүсілім Нұрайдың, Төлеген Ұлбаланың, Тілек Асылан жасаған туындылары мен таныстырды.



Бейіндік және кәсіби беру апталығында 5-сынып жетекшілері

А.Айтбаева Ш.Бастарбекова Г.Рүстемова ұйымдастыруымен 5-сынып оқушылары мен Мамандықтар әлемі тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді

Мақсаты:Мамандық таңдау кезеңінде тұрған оқушыларға бағыт-бағдар беріп,таңдау мүмкіндіктерін шешуіне ықпал ету.Оқушылардың қоғамға деген азаматтық позициясын қалыптастырып,отансүйгіштікке тәрбиелеу.



Кез -келген саналы баланы «Мен болашақта қандай мамандықты таңдасам екен?»немесе«мамандығыма қалай қол жеткіземін?»деген ойлар мазалайтыны анық.Мамандықты таңдау үшін адам ең алдымен өзін,өз бейімділігін тануы қажет.Өз-өзіне Мен кіммін «Осы өмірдегі менің орным қандай?»Қалай өмір сүремін-деген сұрақ қойып,соған жауап іздеуі қажет.Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп.Әрине таңдау жасау оңай емес.Ең бастысы- адам еңбекке қабілетті,зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды,бағалы үлес қосатын дай болуы шарт.Өз ісіне сенімді,дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді.Адам еңбегінен қуанышын таба білсе,бойына жаңа күш қосылып,еңбекке деген шабыты арта түседі.Зор ықылас,шабытпен істеген іс-табыс биігіне жеткізетін қанат.Осындай ниетпен шәкірттеріміздің адам өмірден орнын өз таңдауымен тапқан жөн.Осындай ниетпен шәкірттеріміздің болашағының сәттілік тілеймін отырып, кешіміздің шымылдығы әсем әнмен, ашылып,түрлі мамандық туралы мамандықтың қыр-сыры туралы ән,би,көріністерге ұласты

Мектеп-шәкірттерді тек білім нәрімен сусындатып қана қоймай,олардың болашағына даңғыл жол салып береді.Әрбір шәкірттің ертеңіне алаңдаған ұстаз олардың кемел келешектің иесі болуын көздейді.Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа мазмұн білімінің тұлғаға бағытталуын,олардың белгілі бір мамандықты игеруіне ықпал етуін қамтиды.Сондықтан шәкірттеріміздің өз қабілеттерімен мүмкіндіктеріне қарай жүрек қалауымен жақсы мамандық таңдау жолында бағдарлы білім алып,әрқайсысы дүниенің бір-бір кірпіші болып қалануын тілейміз.Кешіміздің мақсаты да осы.Болашаққа дайындықты бүгіннен бастауымыз қажет. Осы орайда кешімізге ауданымызда еңбектің әр саласында қызмет етіп жүрген іскер мамандары ой бөлісті

Кешіміздің қадірлі қонақтары ұзақ жылдардан бері кітапхана меңгерушісі Ф.Тасыбай ұстаз Б.Нуртаева өз мамандықтарын мақтаныш ете

отырып, балаларды жүрек қалауымен мамандық таңдауға шақырды Б.Нуртаеваның жұмыс жоспарына сай әлеуметтік педагог Е.Бекмуратовтың ұйымдастыруымен «Мамандық таңдаудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында 9-шы сынып оқушыларының ата-аналарымен дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: «Мамандық» құндылығы туралы түсінігін кеңейту. Мамандық таңдаудағы ата-ананың міндетті, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышына қосар үлесі мен жеке тұлғаның әлеуметтік ашық қоғамға бейімелуіне ықпал ету бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; баласына мамандық таңдауда берер өнегесі мен бала таңдауымен санасуға шақыру.

Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 2023 жылғы 14 наурызы күні өткен «Мамандықтар әлемін ашамыз» Республикалық форумының аудандық кезеңінде

Форумның «Жаңа мамандықтар әлемі» тақырыбындағы көрмесіне болашақтағы «Менің кәсібім және менің бизнесім» экологиялық туризм менеджері тақырыбында мектебіміздің 10-сынып, оқушысы Бердібек Ақсауле «Кондитерлік өнімдер пісіру» номинациясына ие болды. 10-сынып оқушысы Кеңес Заманбек «Бизнес-проект жобасын қорғап 1-орынға ие болды. Жетекшісі: Жансейтова Р



9-сынып оқушыларына Ж. Замира «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында пшық тәрбие сағаты өткізді. Мақсаты

-оқушыларға заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт бағдар беру

-өз пікірін еркін айтуға, басқаның пікірін сйлауға, жүйелі ойлауға баулу

Оқушыларды отан сүйгіштікке баулу

Жоспары:

Кіріспе

1. Мамандықтар әлемінде
2. Негізгі бөлім
 - Маман иелерімен сұхбат
 - Мамандық таңдау болашағыңды айқындау (мамандықтар туралы көріністер, анаграмма шешу, анкеталық сұрақтарға жауап алу т.б)
3. Қорытынды:



17 сәуір күні бейіндік және кәсіби бағдарлау іс жоспарына сәйкес 9-сынып оқушылары «Менің мамандығым менің болашағым» 10 күндігі аясында кәсіби бағдар беруші педагогы А. Насрединовамен бірге аудандағы түрлі мекемелерге экскурсияға шығып, сұхбаттасу өткізді.

Шардара қаласында №16 колледж мекемесіне барып колледж директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Дүйсебаева Гүльшат Дауленовна және - мамандығын өзіне, қоғамға қажетті, әрі қолыңнан келетін, ккңілінен шығатын жұмыс болуы керек.



Жүрегі қаламаған мамандық иелері көп қиындыққа кездеседі. Әр адам өз қабілетіне, икемділігіне қарай мамандық таңдауы тиіс.

9- сынып оқушыларына кәсіптік бағдарлау іс – шаралары аясында Шардара ауданындағы кәсіп орындар мен мекемелерге экскурсияға шығып, сұхбаттасу жүргізіледі.

Оқушыларды мамандық таңдауға, мектеп қабырғасында жүргенде болашақ мамандығын айқындау мақсатында Шардара қаласында «Шардара аудандық тарихи өлкетану музейі» мекемесіне барып тыныс- тіршілігімен танысты.

Музей қызметкері Көшекбай Алтынай және жауапты мамандар мен сұхбаттасып , оқушылар өз ойларында жүрген сан сауалдарына жауап алып, өлкенің тарихи кешендерін аралатып түсіндіріп бағыт бағдар берілді.

